

## МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАСЫН РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазіргі уақытта дамудың өркениетті жолына айналған Қазақстан Республикасы қоғамның барлық салаларында аса маңызды реформаларды жүзеге асыруда. Осы өзгерістердің ең маңыздысы әлеуметтік саладағы реформа болып табылады. Өйткені:

Біріншіден, әлеуметтік саясат үнемі күн тәртібінде тұр, өйткені ол адамдардың өмірі мен тұрмысымен тікелей байланысты.

Екіншіден, мемлекеттің әлеуметтік саясаты әрқашан халықтың жіті назарында, оның бұзылуы мен сынына ұшырауда. Сондықтан әлеуметтік саясат мемлекеттілікті нығайту мен мемлекетті басқаруда маңызды орын алады. Сонымен қатар, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" Стратегиясында мемлекетіміздің басты стратегиялық құжаты еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің маңызды мәселесі әлеуметтік саясат болып табылатынын атап өтті [1].

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты-қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын реттеу бағыттарының бірі. Ол елдегі жалпы экономикалық жағдаймен тығыз байланысты және екіжақты қызметі бар. Бір жағынан, әлеуметтік саясатта экономикалық даму мақсаттары тікелей және жанама түрде көрсетіледі, өйткені экономикалық қызмет қоғамның барлық топтары үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында құрылады. Екінші жағынан, әлеуметтік саясат экономикалық өсудің факторы болып табылады. Егер экономикалық даму халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартмаса, онда еңбек өнімділігі төмендейді, жұмыс күшінің сапасы төмендейді; қоғамда әлеуметтік тұрақсыздық пен қайшылықтар артады.

Әрине әлеуметтік саясат көптеген мәселелерді қамтиды, сол маңызды әлеуметтік мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасында 2020 жылдан бастап әлеуметтік қызметтер порталы іске қосылды. Бұл порталдың негізгі мақсаты мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту. Яғни порталды енгізу оңалту құралдары мен қызметтеріне тең қолжетімділікті, үйден шықпай-ақ «бір терезе» арқылы уақтылы әлеуметтік көмек көрсетуді, сондай-ақ жеткізушілер туралы ақпаратты, жеке қажеттіліктерді, әлеуметтік қызметкерлер мен мамандар туралы мәліметтерді есепке алуды қамтамасыз етеді. Бұл адал бәсекелестікті арттыруға мүмкіндік беріп, әлеуметті өнім берушілердің оңалту құралдары мен қызметтерін іске асыруға қатысуының ашықтығын қамтамасыз етеді [2].

Әлеуметтік қызметтер порталының енгізу артықшылықтарын және кемшіліктерін қарастырсақ, олар кесте 1 көрсетілген:

Кесте 1

### Әлеуметтік қызметтер порталының артықшылықтары мен кемшіліктері

+	-
Сыбайлас жемқорлықты жою	Порталды ұсынылған қызметтер мен құралдар тек Қазақстанда ұсынылған, шет мемлекеттерде алу мүмкіндігі жоқ.
Оңалту құралдары мен қызметтер нарығына тең қол жеткізу	Қолдану мерзімі шектеулі (қызмет алушының өтініші бойынша ғана)
Жоғары тауар таңдау мүмкіндігі	
Жеке қажеттіліктерді есепке алу	
Сатушылармен тікелей байланысты орнату	
Алу мерзімін қысқарту	
Ескерту: <a href="https://www.enbek.gov.kz/kk">https://www.enbek.gov.kz/kk</a> мәліметтер негізінде жасалған	

Жалпы, мемлекет биылғы жылы әлеуметтік саланың жаңа жүйесін қабылдады, халықтың әлауқатының артуына байланысты жәрдемақының жаңа түрі тағайындалды және берілді. Оны мүгедектер мен көп балалы отбасылар алады. Яғни, біздің әлеуметтік саясатымыз бәсекеге қабілетті және мықты жалпыға ортақ еңбек қоғамын құруға бағытталуы тиіс.

### Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. ҚР Президентінің ресми сайты – [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz), 14.12.2012.
2. <https://www.enbek.gov.kz/kk>